

МАТЕМАТИКАНЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ В ВУЗАХ И ШКОЛАХ

ОЛИМПИАДАДАҒЫ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

FEATURES OLYMPIAD PROBLEMS IN GEOMETRY
AND SOME OF THE METHODS TO SOLVE THEM

Асқанбаева Ф.Б.

A. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., Қазақстан

Егер есепті шешу үшін стандартты емес әдістер қолданылса, ондай есептер стандартты емес деп есептеледі. Осындай есептердің түрлері оқушылар арасында, сол сияқты студенттер арасында өткізілетін математикалық олимпиадаларда ұсынылады. Олимпиадалық қозғалыстың негізгі мақсаты- жастар арасында математикалық білімді насиҳаттау, оларды келешкте ғылыми жұмыстармен айналысуға дайындау, оқушылардың ой-өрісін дамыту болып табылады.

Математикалық олимпиадаларда геометриялық есептерді шығарудың көптеген әдістері бар. Олар: геометриялық түрлendірулер әдісі, көмекші фигурандар әдісі, алгебралық әдіс, векторлық әдіс, координаттар әдісі және т.б. әдістер.

Сол әдістердің ішінен, олимпиадалық есептерді шешуде жиі кездесетін геометриялық түрлendірулер әдісін қарастырайық.

Жазықтықты түрлendіру – қозғалыс және ұқсастық- көп жағдайларда геометриялық есептерді өте тиімді әдіспен шығаруға көмектеседі. Геометриялық түрлendірулер әдісін игеру онай емес: кез келген есеп бұл әдіспен шыға бермейді, түрлendірудің қай түрін қолдану керек екенін білу үшін біраз тәжірибе керек.


Дәлелдеуге, салу және есептеуге арналған әртүрлі геометриялық есептерді шығаруда қозғалыс кеңінен қолданылады. Олар: осытік симметрия, параллель көшіру, центрлік симметрия және нүктені айнала бұру.

Қозғалыс деп кез келген екі нүктенің бейнелерінің арақашықтығы осы нүктелердің арақашықтығына тең болатындей етіп, жазықтықты түрлendіруді атайды. Қозғалыста бір түзу-дің бойында жатқан нүктелер бір түзудің бойында жататын нүктелерге өтеді және олардың өзара орналасу реті сақталады. Осыдан қозғалыс түзуді түзуге, сәулені сәулеге, кесіндіні кесіндіге бейнелейді. Қозғалыста бұрыш оған тең бұрышқа өтеді.

Осытік симметрия деп, қандай-да бір к түзуінің кез келген нүктесі өзіне өтетін, ал к түзуіне тиісті емес А нүктесі A' нүктесіне өтетін, мұндағы AA' кесіндісі к түзуіне перпендикуляр және ол арқылы қақ бөлінетін жазықтықты түрлendіру аталады. к түзуі симметрия осі деп аталады.

Осытік симметрияда кез келген екі нүктенің арақашықтығы сақталады, демек осытік симметрия қозғалыс болып табылады. Осытік симметрияның маңызды қасиеттерін атап өтейік.

ABC – кез келген үшбұрыш және $A'B'C'$ – к түзуіне қатысты оған симметриялы үшбұрыш болсын (1 сурет). Суретте ABC үшбұрышы оң бағытталған (A,B,C төбелерінің орналасу реті сағат тіліне қарсы бағытта, ал $A'B'C'$ үшбұрышы теріс бағытталған (оның төбелерінің орналасу реті сағат тілімен бағыттас). ABC және $A'B'C'$ үшбұрыштары тең, бірақ қарама-қарсы бағытталған. Осытік симметрия кез келген үшбұрыштың бағытын қарама-қарсыға өзгертеді.



1 сурет


Егер осътік симметрияны бір оське қатысты екі рет тізбектей орындаса, онда жазықтың әрбір нүктесі өзінің бастапқы орнына келеді, яғни екі осътік симметрияның композициясы теңбе-тен түрлендіру болып табылады.

Көптеген есептерде бұрыштың биссектрисасы симметрия осінің рөлін атқарады. Егер фигураның немесе оның бөлігінің симметрия осі бар болса, онда осътік симметрия есептерді ықшам да, тез шығаруға көмектеседі.

Математикадан әр жылдарда облыстық олимпиадаларда осътік симметриян қолданылатын есептерді қарастырайық.

1 мысал. L түзуі және одан бір жакта жататын A және B екі нүктесі берілген. AC+CB қосындысы ең кіші мән қабылдайтында, L түзуінің бойынан C нүктесін табу керек.

Шешуі. B' – L түзуінен қатысты B нүктесіне симметриялы нүктесі болын (2 сурет). AB' кесіндісі мен L түзуінің киылышуы – ізделінді С нүктесі болады. Бұл есепті тірек есебі ретінде қарастыруға болады.




2 сурет

2 мысал (9 сынып, облыстық олимпиада)

Жылқышы атына мініп, өз фермасынан шықты. 7 миль шығысқа қарай және одан кейін 8 миль солтүстікке қарай жүргеннен кейін, жылқышы онтүстікке қарай ағып жатқан өзеннен 4 миль батыс жақта болды. Енді ол атын өзенде суарып, фермаға қайтпақшы еді. Егер жолда ешқандай кедергі жоқ екені белгілі болса, жылқышыға ең қысқа жолды көрсетіңіз.

Шешуі.

Өзен ағып жатқан түзуде $CN+NA$ ең кіші болатында, N нүктесін табамыз (3 сурет). Тірек есебі бойынша C' нүктесі табылады. AKC' тік бұрышты үшбұрышты қарастырамыз. $AK=15$, $KC'=8$. Осыдан Пифагор теоремасы бойынша $AC'=17$. $CN+NA=C'N+NA=AC'=17$.




3 сурет

З мысал (9 сынып, облыстық олимпиада)

S – ABC үшбұрышына іштей сзылған шеңбердің центрі болсын, ал P және Q нүктелері $\angle BAC$ және $\angle ABC$ бұрыштарының биссектрисаларына С төбесінен жүргізілген перпендикулярлардың табандары болып табылады. АВ және PQ түзулерінің параллель екенін дәлелдеу керек.

Шешуй.



4 cyper

C' нүктесі – ВР биссектрисасына қатысты С нүктесінің бейнесі, ал C'' – AQ биссектрисасына қатысты С нүктесінің бейнесі болсын (4 сурет).

$C'BP$ теңбүйірлі ұшбұрышты қарастырамыз, BP – биссектриса, биіктік және медиана. Осыдан P нүктесінің $C'C$ кесіндісінің ортасы екені шығады. Тура сол сияқты, ACC'' теңбүйірлі ұшбұрышты қарастырамыз, Q нүктесі $-CC''$ кесіндісінің ортасы. Демек, PQ – $C'C''C$ ұшбұрышының орта сызығы. $C'C''$ кесіндісі AB кесіндісінің құрамында болғандықтан, AB және PQ кесінділері параллель.

Қозғалыстың басқа да түрлері – параллель көшіру, центрлік симметрия және нүктені айналдыра бұру геометриядан олимпиадалық есептерді шығаруда көптеп кездеседі. Параллель көшіру әдісі төртбұрыштарды салу есептерінде жиі қолданылады. Центрлік симметрия да, параллель көшіру сияқты берілген фигураны және оның ізделінді элементтерін ыңғайлы орналастыру мақсатында қолданылады және одан соң берілген фигура мен шыққан фигура арасында байланыс орнатылады. Центрлік симметрия, әдетте, фигураның немесе оның бөлігінің симметрия центрі бар болатын есептерді шығаруда көмектеседі.

Нұктені айналдыра бұру, берілген фигура немесе ізделінді фигура дұрыс көпбұрыш болған кезде қолданылады. Кей жағдайларда бұрудың көмегі арқылы кесінділердің тенденгі дәлелденіп, түзулер арасындағы бұрыштарды табу мүмкіндігі бар болады.

Ушбұрыштардың ұқсастығы көптеген геометриялық есептердің кілті болып табылады. Сондықтан ұқсас ушбұрыштарды таба білудің немесе олардың көмегі арқылы қосымша салуларды орындаудың маңызы өте зор.

Аталған әдістерді есептер шығаруда дұрыс әрі орынды қолдану, олимпиадалық есептерді өте тиімді, тез шығаруға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Готман. Задачи по планиметрии и методы их решения. Москва, 1996.
 2. Черкасов, А.Якушев. Математика интенсивный курс подготовки к экзамену (Основные методы решения задач) Айрис-пресс, 2003.
 3. В.А. Гусев, В.Н.Литвиненко, А.Г.Мордкович. Практикум по решению математических задач (Геометрия). Москва, 1985.
 4. И.С.Маркова. Новые олимпиады по математике. Ростов-на-Дону, Феникс, 2005.